



Есепті жылдың негізгі оқиғалары

Есепті жылы Банк өзінің өнім желісін дамытып, кеңейту бойынша белсенді жұмыс жүргізді, атап айтқанда:



Елорда жастары, Алматы жастары, Абай жастары, Теміртау жастары, Қозы Көрпеш – Баян Сұлу жастары, Жетісу жастары, Ұлытау жастары, Қарағанды жастары, Әулиеата жастары, Қостанай жастары, Ертіс жастары, Жайық жастары, Сыр жастары, Маңғыстау жастары бағдарламаларын іске асыру үшін Астана, Алматы, Семей, Теміртау қалалары, Абай облысының Аягөз ауданы, сондай-ақ Жетісу, Ұлытау, Қарағанды, Жамбыл, Қостанай, Павлодар, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау облыстары әкімдіктерімен келісімдер жасалды.



«Корпоративтік» бағдарламасы шеңберінде жұмыс берушілермен ынтымақтастық күшейтіле түсті – Банк пен «Viamedis» ЖШС, «Viamedis Pavlodar» ЖШС, «B.B.NURA» ЖШС, «Нұр City Invest» ЖШС, «Шұбаркөл көмір» АҚ, «Еуразиялық Топ» ЖШС (ERG), «Жасыл ел-Тараз» ЖШС және т.б. арасында компания қызметкерлерін кредиттеу бойынша келісімдер жасалды.



Жекелеген өңірлік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде жергілікті атқарушы органдармен ынтымақтастық күшейтілді – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының әкімдігімен тұрғындарға жас шектеусіз жеңілдікпен кредит беру; Атырау қаласының әкімдігімен Атырау қаласы және Атырау облысы аудандары халқының әлеуметтік осал топтарына жеңілдікпен кредит беру, сондай-ақ Атырау облысының медицина қызметкерлеріне жеңілдікпен кредит беру; Шығыс Қазақстан облысының Глубокое ауданының әкімдігімен тұрғын үйді кейін сатып алу мүмкіндігімен жалға беру; Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің «Рудный қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-мен тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға тұрғын үйді кейін сатып алу мүмкіндігімен жалға беру; сондай-ақ «Петропавл электр техникалық зауыты» ЖШС-мен қызметкерлерге тұрғын үйді кейін сатып алу мүмкіндігімен жалға беру бойынша және т.б. келісімдер жасалды.



Академиялық ғылыммен айналысатын жастарға бағытталған 2023–2027 жж., жас ғалымдарға арналған тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды.

- Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде 2023 жылы Банк кезекте тұрғандарды жылдық 2%-бен және жылдық 5%-бен кредиттеу үшін 73,3 млрд теңге мөлшерінде бюджет қаражатын алды.
- Банк Азия даму банкінен 15,6 млрд теңге көлемінде үшінші траншпен қарыз тартып, оны «Ұмай» гендерлік өнімі шеңберінде Қазақстан әйелдерін кредиттеуге бағыттады.
- 2023 жылы Банк ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген ауылдардың, кенттер мен ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарды қолдау жөніндегі «Дипломмен ауылға» мемлекеттік жобасының сенім білдірілген агенті болды. Банк жобаны цифрлық форматқа ауыстырды.
- Сонымен қатар, Банк негізгі мемлекеттік жобалардың бірі – «Ұлттық қор – балаларға» уәкілетті операторы болды және оның Тұжырымдамасы мен оны іске асыру жөніндегі шараларды бекітті.
- Банк жеке тұрғын үй қорындағы жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке алу үшін жеке тұлғалардың ағымдағы банктік шоттарын ашуға және жүргізуге және жеке тұрғын үй қорындағы жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу және денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген ауылдардың, кенттер мен ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке алу үшін сенімгердің мүддесінде және оның тапсырмасы бойынша ақшаны басқарудың сенімгерлік операцияларына лицензия алды.
- Есепті жылы Банк өзінің 19-филиалын – Банктің Жетісу облыстық филиалын ашты.
- Банктің 1 905 475 салымшысына мемлекеттік сыйлықақы төленді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша Банк клиенттерінің депозиттеріне барлығы 75 млрд теңге аударылды.
- Отбасы банк салымшыларының депозиттеріне 10% мөлшерінде өтемақы аударылды. Банкте ашылған 883 071 салымға барлығы 115,1 млрд теңге аударылды.
- Банк сыйақының неғұрлым тиімді – 5,5% мөлшерлемесімен жаңа «Табысты» депозиттік бағдарламасын іске қосты (мемлекет сыйлықақысымен бірге 17,1% көлемінде тиімді мөлшерлемені құрайды). «Табысты» тарифі бойынша ең төменгі шарттық сома 6 млн теңге, жинақтау мерзімі 3 жыл, жинақтау мерзімі аяқталғаннан кейін қарыз бойынша мөлшерлеме 8,5%, кредиттеу мерзімі 6 айдан 5 жылға дейін.
- 2023 жылы Банк басшылығының құрамында өзгерістер болды. Банктің Директорлар кеңесінің құрамы өзгертілді. Енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Банктің Директорлар кеңесі бес адамнан тұрады: Хамитов Е.Е., Ибрагимова Л.Е., Ермекова Э.М., Тоқобаев Н.Т., Жамалов С.Е. Сонымен қатар, Банктің Басқарма құрамы өзгертілді. Енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Банктің Басқармасы жеті адамнан тұрады: Ибрагимова Л.Е., Айдарбекова А.К., Әзімбеков М.М., Ақшанов Н.С., Қайырбеков И.У., Распекова Э.С., Савченко В.А.
- Есеп беру жылында Отбасы банк «Ұмай» бағдарламасын жүзеге асырғаны үшін гендерлік чемпион болып танылды. Банк елдегі гендерлік теңдікті белсенді ілгерілеткені үшін Қазақстан банкі арасында жалғыз өзі Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық бағдарламасының (ОАӘЭЫ) марапатына ие болды.
- Банк республика халқы санының 20 миллионға жетуіне байланысты мемлекеттің маңызды іс-шарасына қатысты. Банк ұлттық статистика бюросының деректері бойынша Ұлытау, Жетісу, Атырау, Ақмола және Түркістан облыстарында туылған еліміздің мерейтойлық азаматтары болып танылған 3 ұл мен 2 қызға әрқайсысы 2 млн теңге номиналымен сыйлық сертификаттарын сыйға тартты.
- Сондай-ақ, Банк пен «Ұлттық еріктілер желісі» ЗТБ арасында 2023 жылы Абай облысында орман өрттерінен зардап шеккен отбасыларға қайырымдылық көмек көрсету туралы келісімге қол қойылды.